

Л 2006

6533К

ЖУЗ ТҮНГҮШ







ЖҰЗ
ТҮНГІШ
2-кітап



БЕЛГОДАРЫ - тәрбиялі мәдениет жыныстарынан
- АҚРДДПК "Жалын баспасы" - 2005 жыл
жыныс

Диң жаһырынан шығындырылған жыныс
дүниеге көзқарастырылған жыныс
шығындырылған жыныс
жыныс

АКРДДПК

2005-07-15-09025071



Алматы
“Жалын баспасы”
2005

ББК 63.3 (5 Қаз)
Ж 85

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт міністірлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Ж 85 Жұз тұнғыш. Жинақ. 2-кітап. Құраст. — Бексұлтан Нұржекеұлы. — Алматы: “Жалын баспасы” ЖШС, 2005. — 352 бет.

ISBN 9965-693-28-5

Бұл жинақ — қазақ халқының өміріне, тарихы мен мәдениетіне, ғылымы мен экономикасына қатысты әр саланы игеруге, ашуға, дамытуға тұнғыш із салған қазақ ұл-қыздары туралы жинақ.

Ж 4702250202-12
408 (05)-05 12-2005

ББК 63.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-693-28-5-(к.2)

ISBN 9965-693-27-7

© “Жалын баспасы” ЖШС, 2005

БҮГІНДЕ



ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

39

1846-жылы 28-ақпанда туып,
1945-жылы 22-маусымда қайтыс болған

* * *

Тұнғыш «ХХ-ғасыр Гомері» атанған қазақ ақыны;
Ешкімнен женеліп көрмеген тұнғыш айтыс ақыны;
1938-жылы 15-шілдеде Қазақ ССР Жоғарғы Советтің
тұнғыш сессиясын тұнғыш өлеңмен ашқан ақын;
Қазақстанның тұнғыш жүз жасаған ақыны

* * *

Ұлы Абайдың құрдасы, көзі тірісінде Гомер атанған алтын ақын атамыз Жамбыл дүниеге екі рет туып келген адам: тоғыз ай, тоғыз күнде ана құрсағынан туды, тоқсан жасқа келгенде заман құрсағынан тағы бір туды.

Анада алалық жок, кай баласын болса да мерзімді күні жарық дүниеге әкеледі. Қазактың Гомерін туғызу үшін заман тоқсан жыл толғатты.

Көне грек Гомерінің қайда туғанына осы күнге дейін жеті шаңар таласады. Қай елден туғаны да осы күнге дейін даулы, қазақ Гомерінің туған елі – Ұлы жүз – Екей. Туған топырағы – Жамбыл тауының баурайы. Болашақ ақынға сол таудың атын қойған. Мүмкін, экесі Жабайға – балам таудай биік, тастай берік, бұлақты, жылғалы, қыс ықтасыны болсын, жаз көленкелі саясы болсын деген ой келген шығар. Ол арманы қате қеткен жок.

Гомер анадан туды ма, ойдан туды ма, ол әлі таласта, қазақ Гомерінің эке-шешесі де мәлім. Бірінші туғанда ана бесігінде өсті, екінші туғанда Отан бесігінде өсті. Тоқсан мен жүз жастың арасындағы он жылда ұлы Жамбыл Гомер

атанды. Оны Гомер атандырған сол Отанның дүние тіршілігін азаттық, теңдік бақыт арнасына түсіруге арналған ұлы істері еді. Жәкен осыны жырлап Гомер атанды.

Ақын Жамбылдың екі рет туғаны да, түрлі заманда жасағаны да, өмірінің ең соңғы жылында бүкіл дүние таныған атақ алуы да – Феномен. Сирек кездесетін, себебін осы күнге дейін ғылым таба алмай қойған сыр. Әсіресе тоқсан жас пен жүздің арасындағы он жылда ақындық дарынның бұрынғысына қарағанда еселеп шарықтап кетуі дүние жүзілік даналардың өмірінен де кездескен емес.

Көбіміз алпысқа толғанда пенсияға көшіп, жетпіске толғанда өмір шекарасының құламасында тұрғандай сезінсек, ұлы Жамбылдың даусы тоқсан жасында шырқап кетті. Бұл жасқа дейін көтерілмеген биігіне көтерілді. Ұлы Отан соғысының тұсында көп ұлтты совет поэзиясында Жамбылдан жоғары көтерілген ақын болған жок. Жамбыл даусы күркіреп шықты. Жамбыл сөздері жау жүргегіне оқ болыш қадалды. Жамбыл сөздері жоғары командованиеңін әмірімен қатар Смольныйдың қабырғасына ілінді. Бұл кезде Жамбыл жүзге таяп қалған еді. Ең алдымен жете түсінер, жете түсіндірер, сырлы терең Феномен осы!

Жамбыл өмірге жымия қарал, сынай өскен ақын еді. Оның ойлы көздерінің түбінде қашанда бір сықақ үшқыны тұратын. Әлденені түсіндіре бастасан, «Мені бір алжуга айналған шал деп отырсың-ау!» дегісі келгендей, мұрт астынан миығы жымия бастағанын сезуші едің. Айта бастағаныңды іліп әкетіп, өлеңмен өзіңе қайта айтқанда, ақын жүргегінің ыстық жалынына, ой-сезімінің терендігіне таң қалағынсын.

Ұлы Октябрь революциясынан бұрынғы жетпіс жылдық өмірінде қазақ халқының тіршілігі оған бір үйкас-үйлесімі келмей, ойды бұлдыратып тұрған өлеңдей сезілетін сияқты. Ақындармен айтысқанда, әр елдің ішкі-сирткы тарпандығын сынағанда, Жәкен осы жағын жаныштай сөйлейді. Ол бір қисыны қашқан, өз дәстүрінен түзеле алмайтын, өзіндік күш-жігері сарқылып, сал-бөкселенген, «қайран жиырма бес!» деп артта қалған дәүірін көкseyтін өмір еді ғой!

Таңқаларлық бір нәрсе – өзімен тұстас ақындардың бірінде азырақ торығу болса, Жәкенде ол жок. Тұн артында күн барына шектенген емес. Қылыш астында, қыл арқан

мойныңда түрғанда айта алмаған, іркіл қалған сөздері болса қорлана берген, шындала берген. Ұлы революция ақынының барлық тұсауын талқандап, тас бұғаудан біржола босатқанда, ағыл-тегіл жыр да жосылып журе берді. Ғылым аша алмай келген Феномен сырның күтті осында. Феномен сырды ашылады екен.

Ұлы Абай – он тоғызыншы ғасырдың ақыны. Оның құрдасы Жамбыл – жиырмасыншы ғасырдың ақыны. Абай қазақ халқының поэзиясын, тілін, жан-жақты көркем өнептін он жолға түсірген, тарихи еңбегі бар асқан дана, ұлы ұстаз, қазақ халқының ойын өсіру, сезімін терендешту, арнамыс, адамгершілік қасиеттерін шындау осы ұстазымыздың қолынан өтті. Қазақ ақын-жазушыларының ана сүті мен қанына тараған деп атарлық тәрбиесі Абайдан келеді. Жамбыл болса, ол жаңаған дүниенің, социалистік өмірдің жыршысы. Отан деген – ұлы сөз. Оның айнымас, бұлжымас ірге тасы ұлттар достығында. Ондаған ғасырлар бойында орнынан қозғалмаған ескілік үйіндісі мәңгілік бас иер мұран емес, сорын. Адам баласына социализм деген бақыт келді, фашизм деген жау келді. Ақын даусы «корған!» дегенде де, «аттан!» дегенде де дүниені жаңғырықтыру керек. Жәкен даусы осылай шықты. Бір ғана сыр жасаған ақын даусы қарлықпастан кетті. Қызарған, бұлдыраған кәрі көз дүние аударыспағын түгел көріп отыратын сияқты еді.

Ақын болсан қыздырып айт, қызықтырып айт, жылытып айт, құлдіріп айт, қүйдіріп айт! Жел ессін, дария шайқалсын, ой аунақшысын! Қанжардай қадал, оқтай ат, ескілік дүниесі кансырап қалсын!

Бүткенде, бұқпантайлама, заман жастарын бұқтырмай өсір, арқаланып өссін. Тендікке еншілес – бірлікке де еншілес, ерлікке де еншілес – елдікке де еншілес. Жәкен жырларының рухы осында ғой.

Жәкеннің екінші рет дүниеге келгені 1934-жыл. Сол жылы, жаздығуні ақындардың бірінші рет ұлken жиыны болды. Басында тозығы жеткен киіз қалпак, үстінде ак көйлек, ақ іш киім, жалаң аяғында резенке галош, көк есекке мінген кәрі шал – Жәкен келді.

Ауылға шауып кіретін, ауылдан шыға бере шаба жөнелетін, өнім-өндірісте жұмысы жоқ жалған белсенділер Жәкенді де біраз жүндеген екен. Көк есегін театр ауласы-

ның түкпіріне байлап, жауырынды келген қызыл көз, еңек шал жиынға кірді...

Жиынға Жәкеңнен басқа үлкен бір топ халық ақындары да келген, біразы – Орынбай, Шашубай, Доскей, Куат, Кенен, Қазанғап, Қалқа, атақты Ыбырай ақынның жиені Тайжан, Молдақмет сияқты қу мүйіздер, басқалары – Нартай, Нұрлыбек, Үмбетәлі, Иса сияқты топ жарған дарынды жастау ақындар.

Жәкең сол жиыннан аруақтанып, рухтанып қайтты. Ақын сөзіне үлкен құрмет-қошемет бар екен... Көркем сөз, көркем өнер дегендеріңіз қай елдің болса да бойында қайрат-жігерінің, ой-сезімінің айнасы сияқты көрінеді екен. Ықтай сөйлер, имене берер заман емес, көкірегінді кере сөйлер, құлаштай серпер заман. Айта алмаған, іркіп қалған, қорлана берген, өткен заманға қимаған сөзің болса айттар кез, айта алар кез. Сөз асылын дүниеге таратар сара жолдар да көбейген.

Осы сапарынан кейін Жәкең жер құртындај жыбырлаған көк есекке мінгсін жок, күпшек санды қүренге мінді. Жәкеңе ғана жарасар қонымды жылқы еді. Есек мініп жүріп әлемге айқай салу ерсі болар еді. Қазақ ақыны ат үстінде тұрган ғой. Ақын мен ат, ат пен айқай бірге жарапан. Ат үстіндегі Жәкең даусы Алатауымен бірге жаңғырыға шықты. Әлем құлағы жатсырамай тыңдады. Тоқсанға келген карт Жәкеннің қайта туып, қайта жасаған соңғы он жылды осылай басталды. Мұны Феномен демеске болмаса керек.

Жәкеннің тоқсан жасында қайта тұғаны Феномен болса, ақындығының қайта шырқап кеткендігін Феникс арқылы түсінуге болады.

Феникс – құс. Ол – адам ой-сезімінің, барлық асылының, даналығы мен адамгершілігінің мұрагері сияқты. Мындаған жыл жасай береді. Өте қалса өртеп, күлін отқа салсан, қайта тіріліп тұра келеді. Өткен өмірін ұмытпайды. Дүниеде қандай асыл ойлар, білім иелері, әділет иелері болды, көркемдік қазыналары болды – бәрі есінде. Екінші тілмен айтқанда, Феникс адамзаттың өзінің есі дер едім.

Вавилон қызы Фармазонта асқан сұлу екен. Сұлулық тәңірісі Афродитаның Венера-Шолпан бейнесін Пракситель сол Фармазонтаның суретіне, тас мүсіндеріне қарап отырып жасаған, бірақ анағұрлым солғын шығарған... сұлулықпен сұлулықты бейнелеуге болған емес...

Бір кезде Фармазонтың қолына жиырма жеті мың тоғыз жұз жыл және алты ай жасаған Феникс түседі. Ой-сезімінің, даналықтың, әділеттің ажалы қашан да олақ қолдан келмек. Феникс садақ тарта білмейтін Мысыр патшасының оғына ұшырап өледі. Фармазонта Фениксті өртеп, құлін отка салған екен. Феникс қайта жараптұра келеді...

– Екінші рет туғанға қанша таңдансан, бірінші рет туғанға да сонша таңдану керек.. дүние болмысы туып, өзгеріп, қайта туғанға толы емес пе? – дейді екен Феникс.

– Шынында да, ең таңданарлық нәрсе ненің болса да бірінші рет туғаны болу керек. Оның екінші қайталануына жол ашылды емес пе?

Заманалар аудыспағы, жиňангерлер жорықтары талай елдің тағдырына жосыған із қалдырып отырады. Тозығы жеткен заман апатқа ұшырағанда, талай елдің қымбаттығы мен қасиеттісін астына ала құлайды, топырақ астына, күл астына көме құлайды: трек мраморы, Мысыр жазуы, Александрия кітапханасы, көне түрік әліппесі, тағы-тағылар. Бірақ көмген мен көмілгендік біржола өлгендік, өшкендік емес. Жер бетінде ой зираты, даналық зираты жоқ еш жерде. Қай заманда туса да асыл ой өлген емес, поэзия өлген емес. Ой мен өлең балан, балғын кезеңнен өтіп піскен кезде айналасына ұрығын шашады. Ол ұрықтар ойдан ойға қонып, жетіле түсіп, алдағы белдерден асып кете бермек. Тамыр жайып тарай бермек. Сөзге өлім жоқ. Сөз арқылы тараған ойға өлім жоқ. Оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізер адамның өзінің есі. Соның аты – Феникс, ақындар қойған ат...

Қазақ ақындығының да талай шаң-боранның астында, талай қырғын астында сөніп кеткен кезі бар. Бірақ оның да жер астында қалған тас көмірдей қызынары бар, тұтанары бар, бір кезде қайта тұтандық. Өйткені өлең де адамның есінде сақталады.

Жамбыл жырлары маған талай ғасырлар бойында бір тұтандып, бір сөніп, халқымыздың есінде қала берген, тоқсанға келген ақынның жүргегінде қайта тірілген, халқымыздың жыры, өзінің сыры сиякты елестейді. Сондықтан да мақаланың аты «Феномен – Феникс» қойылды (**Ғабит Мұсірепов. “Қазақ әдебиеті”, 22.10.71**).

* * *

Ұлы Одактың барлық халықтарының – ақындарының, ашугтарының, бағшыларының – интернационалдық достық хоры қуатты халық жырларын, бүкіл еліміздің тамыр соғысымен үндес, үйлес шырқауы тегін емес, ол хордың ішінде дара дауысты бастаушының бірі – өткен ғасырдың орга шенінен бермен қарай халық творчествосының терен, тұңғылқ түбінен тартып, шын мәніндегі халықтық туындының алтын ағыс арнасын алып келе жатқан, халық поэзиясының дана, карт алыбы – Жамбыл (**Мұхтар Әуезов. «Жамбыл және халық ақындары»**).

* * *

Жәкенін өз белінен алты ұл болған: Қожамберді, Қожаш, Аққұлы, Ізтілеу, Алғадай, Тезскбай. Бастанғы екеуі ертерек өліпті. Соңғы тірі төртеуінің екеуі Ізтілеу мен Алғадай армия қатарына алынды. Майданда Алғадайдың көрсеткен ерліктерін айтып бөлім бастығы хат жазғанда, Жәкен аса куанды.

Жәкен Алғадайды аса жақсы көріп: «Өзге балаларым – бір тәбе, бұл – бір тәбе», – деп отыратын еді.

1943-жылдың жазында Жәкенін сол аса жақсы көретін ұлы Алғадайдың ерлікпен қазаға ұшырауы туралы хабар келді. Ауылына барып, бұл хабарды Жәкене Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі бастаған комиссия естіртті.

– Өттен, дуние-ай! – деді ұзақ уақыт сазарып отырып қалған Жәкен, басын көтеріп, – бұл қайғыны қалай көтерем енді? (**Сәбит Мұқанов. «Ұлылық сырьы»**).

Соғыстың дәл алдында, Тбилисиде Руставели тойы өтіп жаткан кез еді.

Не туралы жырлады ол? Ешбір тілмәштің аудармасы керек емес, өйткені жүйе-жүйенде баурап алыш, мас қылатын осынау шабыт күші мен шабыт шындығын ешқандай аударма арқылы жеткізуге болмайды. Сөзін түсіне алмадық, бірақ сол бір танғажайып тамаша, ескен желдей еркін жыр жан-тәніне терең бойлап, әмірлі де әуенді, ақын даусын бір естіген адам өмір-баки ұмытпайды... Ол бір ғаламат, ақындардың атасы, жыршылардың әкесі Жамбылдың өзі еді.

Егер Жамбыл келмесе, көне заман жыршысы Руставелиге арналған ақындар тойының дәл мұндай сәні болмас еді (**Николай Тихонов**, «Ақындардың атасы»).

* * *

– Жәкең күлкішіл еді ғой, – деп, Кенекең тағы бір әңгімені бастап кетті, – бір күні екеуміз осы Самсыда Шынжырбай деген мұғалімнің үйіне қондық. Түнімен өлең айттық. Ертеңіне аттанғалы жатқанымызды жұмысқа кетіп бара жатқан бір топ колхозшы әйелдер бұрылтып келіп, Жамбылға өлең айтыңыз деп жалынып қоймаған сон, Жәкең домбыра альп бытай деді:

«Өлең айтып бер дейді келіндерім,
Келген еken шырағым, келімдерін.
Өлең айтып келинге бермей қойсам,
Сыртқа шығып бұлтитар еріндерін.

Өксегенмен келмейді баяғымды,
Қымтап салар кемтір жоқ аяғымды.
Балалар кемтір алып бермей койды,
Босаңсыды деді ме таяғымды.

Жасымда жорға мініп, сұлу құштым,
Несін мақтан қылайын өткен істің.
Ұзынынан қысқасы озып кетіп,
Мәнісі де болмады-ау бұл байғұстың».

Мұны естіген әйелдер тұра қашты (**Мырзатай Жолдасбеков**, «Асыл арналар», «Жазушы», 1990. 254-бет).

* * *

Жамбылдан Абайдың алты айлық қана үлкендігі бар. Ескі жыл санауды бойынша жыл басы наурыздан басталады, сонда Абай 1945-жылдың тамызында, яғни жыл ортасында туса, ал Жамбыл сол жылдың аяғында, яғни 1946-жылдың басында ақпан айында, бірақ екеуі де жылан жылы туған. Екеуін Габендинің күрдас дейтіні содан (**Б.Н.**).

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ

40

1866-жылы 25-наурызда туып, 1937-жылы
27-қыркүйекте “халық жасауы” деген
жаламен Мәскеуде атылған
* * *

Орынборда Алашорда деген атпен алғаш күрүлған
қазақ өкілдерінің (Халық қенесінің) тұңғыш төрағасы;
“Коммунистер манифесін” тұңғыш қазақшаға
аударған қазақ

* * *

“Қазақ” газетінің сол жылғы (1917 – Б.Н.) 21-қараша-
дағы санында “Алаш” партиясы программасының жобасы
жарияланған, онда: “Алаш” партиясы гаділдікке жақ, нашар-
ларға жолдас, жәбірлерге жау... Дінге еркіншілік... Салық
әркімнің әл-ауқатына, табысына қарай, байға – байша,
кедейге – кедейше салынады” деген. Жобаны жасағандар:
Бекейханов, Байтұрсынов, Дулатов, Елдес Омаров, Е.Тұр-
мұхamedов, F.Жұндібаев, Ғазымбек Бірімжанов...

Ұйымдастып көрмеген қазақ зияллылары бостандық
жарияланғаннан кейін алғашқы кезде әрқайсысы әр жакта
ұйым ашты, олардың көбі ұйым деген аты болмаса, не істей
керектігін өздері де білмеді, жалпы жергілікті жерде мәдени
ағарту жұмыстарынан (сауық кештерін қою, жазба газет
шығару, т.с.с.) әрі аспады. Мысалы, Омбыда “Бірлік”,
Қызылжарда “Талап”, Ақтөбеде “Жас тілек”, Павлодарда
“Ғылым”, Зайсанда “Қазақ жәрдемі” т. б. ұйымдар болды...

1917–1919-жылдар қалың ел үшін аласаптыран жылдар
болды ғой. Томаға-түйік жатқан қазақ халқының көпши-
лігіне түсініксіз азамат соғысы басталды. Бірсек қызылты,
бірсек ағы күш алды. Бәріне де азық, мінеріне ат, жемшөп

керек, бәрі де соларды елден талап етеді. Елде маза жоқ. Сондай жағдайда кейбір халықтар тырыбынып автономия жариялады. 1917-жылы желтоксанда Башқұрт, Түркістан автономиялары құрылды, Сібір сепаратистері Оңтүстік союз автономиясын жариялады, оның басшысы белгілі Потания қазақтарды соған қосылуға шақырып жатты. Солармен қатар қазақтар да автономия жариялау мақсатымен съезд шақырды. 1917-жылы желтоксан айының 5–13-і күндері Орынбор қаласында өткен бұл съезге облыстардан 89 уәкіл келген, шақырылған қонақтар бар және басқаларымен үш жүздей адам катысқан...

Сиезде қаралуға қойылған мәселелер: 1. Сібір, Түркістан автономиясы қәм Юго-Восточный союз; 2. Қазақ-қырғыз автономиясы; 3. Милиция; 4. Ұлт кеңесі; 5. Оку мәселе; 6. Ұлт қазынасы; 7. Мұфтилік мәселе; 8. Народный суд; 9. Аульное управление; 10. Азық-тулік...

Сейтіп, автономия екі бауырлас халықтан құрылатын болғандықтан, “Алашорда” атанған көрінеді. Автономия жариялауда жұрт екі жақ болып, бір жағы дереу жариялауды, екінші жағы милиция құрып, Түркістан қазақтарын қосып алғаннан кейін жариялауды қолдайды. Бұлар біріне бірі көнбей, акыры компромиске келіп: бір айдың ішінде әлгі жұмыстарды бітіру, бітпесе де автономия жариялау Алаш ордага тапсырылсын. Егер осы мерзімнің ішінде елдің басы бірікпесе, онда әркім өз күнін өзі көреді, – деп қаулы алды (“Қазақ” газеті, № 256, 23-декабрь)...

Ал енді, Аханың сөзімен айтқанда, “киіздей шала басып қарпылмаған” Алаштың өзі сол қым-қиғаш заманда құрылмай жатып быт-шыт болып, Шығыс Алашорда, Батыс Алашорда болып, бір бөлегі Торғайда қалып ыдырап аяғынан тозды. Шығыс пен Батыс Алашорда арасында байланыс болмады, өйткені жер шалғай, қолдарында байланыс құралдары жоқ еді. Олар елді сол кездегі аласапыраннан корғаймыз деп милиция үйымдастырды, сонда шығыста үш мың, батыста екі мың, Торғайда жетпіс адам болған. Бұрын әскер тәртібін көрмеген, қолдарына қамшыдан басқа құрал ұстамаған, басым көпшілігі сауатсыз қазақ жігіттерінен қапелімде қайдан саналы, сайлы жауынгер шыға қойсын. Батыстағы жігіттер бір қарындары ашқан күні тарарап қашып та кетіпті. Оның бер жағында, ақтарға сенім артып жүрген

Алашқа сол ақтардың өзі де кісі есебіне алмай, дүшпандықпен қараған көрінеді. Колчактың “Алашты жою керек” дегені көпшілікке мәлім. Әлихан Бекейханов пен Әлімхан Ермеков “Омбының билеушісіне” (правитель Омский) сөйлесу үшін барғанда, Колчак бұларды қабылдамаған, тек бір полковнігі ғана сөйлескен. Сол жолығудың стенограммасын оқыған басқа бір полковник Әлімханың: “Біз өз атымыздан емес, алты миллион казак халқының атынан сөйлейміз” – деген жерінің тұсында: “Громко сказано!” – деп сықақтап жазып қойыпты. (“Алашорда в документах”)...

“Алашты” жамандаған кісілердің “олар актармен одақтас болды” дегендегі “одақтастарының” түрі әлгідей. Шындығында, “Алаш” пен ақтардың арасы жақсы болмаған, тек амалсыздан ғана “сен жақсы, мен жақсымен” жүрген. “Алаштың” көздеген мақсаты ағынан да, қызыльынан да аулақ, өз алдына бөлініп шығу ғой...

1918-жылы наурыздың аяқ кезінде Жанша мен Халил Москвада барып, казак халқына өз алдына автономия беру жөнінде Ленин мен Сталинге сөйлесті, келесі (2-көкек) күні Ленин мен Stalin Семейдегі Әлихан, Халил (Фаббасов) және Әлімханмен осы мәселе жөнінде төте сым (прямой провод) арқылы сөйлесті. Бірақ бұлардың екі тобының да анық қалай сөйлескені белгісіз (ол жайлы Москвадағы бұрынғы партия архивінде деректер болуға тиіс). Шығыс Алашорданы Колчак 1918-жылы қазан айында, өзіне қараған жердегі басқа автономиялармен қоса жойды. А.Байтұрсынов 1919-жылы 24-шілдеде Кирревкомның мүшесі болып Лениннің қолынан мандат алды. Батыс Алашорданың басшысы Жанша 1919-жылы 21-желтоқсанда Орынбордағы Кирревкомға қупия хат жазып, онда атты казактардың қыспағына қарамастан Алаш солдаттарының қызылдарға қарсы соғыспағанын, қазіргі кезде ақтардың Алашқа анығынан сенбей қарап, қысымын қүштейтіп отырғанын, сондықтан Түркістан майданының Оралдағы эскери-революциялық кеңесінің мүшесі Лежава-Мюратпен хабарласып, ақтарға қарсы бірігіп әрекет жасап, қазак даласын ақтардан тезірек тазартуды өтінгенін хабарлайды, өзара келісіп сөйлесу үшін, ревкомның бір адамын жіберулерін өтінеді...

Сонда “Алашорда” іс жүзінде 1918-жылдың ортасынан 1919-жылдың аяғына дейін, бас-аяғы жыл жарымдай ғана

өмір сурген. Жоғарыда көрсетілгендей, саны аз, соғысуға тиісті дайындығы, тәжірибесі, жөнді қаруы да жоқ, біреуі мағрибте, біреуі машрикта жүрген шағын құшпен (ол әскер де емес, милиция — шілде айында өткен сиездің қаулысында: дайымы әскер орнына халық милициясы құрылсын деген) жақсы қаруланған миллиондаған Қызыл Армияға қарсы бір дуана адам болмаса, кім қарсы шығар?

Алашорда сол кездегі аса қыын жағдайларға байланысты өлі туған автономия жариялағанда тікелей Русиядан бөлініп шығу жайы сөз болған жоқ, олардың көздегені алдымен, жоғарыда айттылғандай, “ұлттық-жер” яғни национально-территориальная автономия алуды ғана көзdedі, ал Россия демократиялық құрама республика болсын деді.

Біздер, казактар, дүнияға кезкарасымыздың өрісінің тарлығынан ба, біліміміз бер өмір тәжірибеміздің аздығынан ба, данғаза-даурықпаға құмарлығымыздан ба, көбінесе әр нәрсенің де байыбына бармай, үстіргұ қарап, елпілдей жөнелеміз, сондайдың себебінен кешегі күндері асыра сілтеуге де дайын тұрдық. Жаппай колхоздастыру, әртүрлі науқан, жоспар орындау кездерінде елдің тубіне көбіне-көп сондай асыра сілтеушілік жетті. Осы “Алашқа” баға беру жөнінде де аз асыра сілтеген жоқпыш. “Алаштың” архиві де дұрыс зерттелген жоқ. Эрине, өткен уақыттарда, көзі жоқ адамдарды қалай болса солай қаралап жамандай салу онша қыын өнер емес, бұл жағынан аз еңбек өткен жоқпыш. Патшаға, оның отарлау саясатына қарсы қурескен казак азаматтары кара бастарының қамын ойлаған жоқ, ел үшін кресті. Олар өз камдарын ғана ойласа, патшадан шен-шекпен алып лауазым иесі болып отыру олардың да қолдарынан келер еді ғой, бірақ олар ондай жолға баспады, туған елінің қамы үшін бейнеті көп ауыр жолды таңдады. Эрине, тап тартысын қолдаған жоқ, ол заманда қазақ ішінде тап тартысының толғағы піскен де жоқ, әр нәрсе өз кезінде болады ғой. Олар, Мағжан аға айтқандай, “адасса, жұз деп адасты”, заманына қарай либералдық бағытта болды.

Революциядан кейін олар кеңес өкіметіне де сенімсіздікпен қарады, сөйлеген сөздерінде, жазған макалаларында большевиктерге қарсы шығып журді. Бірақ кеңес өкіметі оларға кешірім жариялағаннан кейін әр жерде қызмет істеді. Ахаң қазақ тілі зандарын терең зерттеп окулықтар, ғылыми

еңбектер жазды, жоғарғы оку орындарында профессор болып дәріс оқыды; Әлихан Москвада “Шығыс” баспасында жұмыс істеп, орыс классиктерінің шығармаларын қазак тіліне аударды, “Коммунистер манифесін” де алғашқы аударған сол кісі; Міржақып баспада, газеттерде қызмет істеді, жоғарғы оку орындарында сабак берді, оқулыктар жазды; Халил жаратылыс жайында кітаптар, оқулыктар жазды, Ташкентте; Алматыда университеттерде профессор болып дәріс оқыды, ескі ақындардың ел аузында жүрген жырларын теріп, алғы сөз жазып, бастырды...

Кеңес өкіметі Алашорда басшыларына 1919-жылы кешірім жасағанымен, біз кешірім жасамадық, білсек те, білмесек те жамандап келдік. Міне, сот орындары оларды екінші рет ақтап, сол адамдардың талай жыл бойы көміліп жатқан еңбектерімен қалың ел енді ғана танысып жатыр. Қазір ол адамдарға осы заманың өлшемімен де, отызыншы жылдардың көзқарасымен де қарауға болмайды, ол тарихымызға қиянат болады. Алаш басшыларының революциядан кейінгі істерін патша заманындағы жұмыстарынан бөліп қарамай, тұтас алып, ұлт азаттық қозғалысы деп тану керек... (**Ғалым Ахмедов. “Алаш “Алаш” болғанда”, Алматы “Жалын”, 1996**).

* * *

Сөйтіп, Қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қараған жалпы қазақ-қырғыз сиезі 1917-жылы 5-желтоқсанда Орынбор қаласында ашылды. Оған Қазақстанның барлық облыстарынан, сондай-ақ одан тыс жерде тұратын Алтай губерниясы мен Самарканდ облысы қазақтарынан және Қырғызстаннан – барлығы 82 өкіл қатысты...

Бұл арада мәселенің мынадай қырына тоқталуға тұра келеді. Қазақ автономиясын жария етуге байланысты Қазақстанда сол тарихи кезеңде қалыптасқан саяси жағдайдан жақсы хабардар саясаткерлерді өзара тығыз байланыста мынадай екі мәселенің қинағаны анық. Ол, біріншіден, отарышыл биліктің зорлықшыл саясаты нәтижесінде жергілікті халықтың ұлттық еркіндігіне қарсы құрылған тұзактың бірі – ғасыр басында-ақ Қазақстан ішкі Ресейден қоныс аударған переселендер келіп орнықкан ірі өлкеге айнала бастаған еді. Қазан революциясы қарсаында

Қазақстан халқының алтыдан бір бөлігін солар құрды. Демек, олардың мүддесін есепке алмай бірден-бір мәселені шешу, әрине, мүмкін емес-тін. Осы ойды білдіріп Әлихан Бекейханов былай деп көрсеткен еді: “Қазақ болып автономия боламыз десек, алдымызда шешуі қын бір жұмбақ бар. Орал, Торғай, Ақмола, Семейде көп мұжық бізben қоныстас; бұл облыстарда мұжық пен қазақ қым-қиғаш аралас. Мұжықпен аралас қазақты тастанап, ылғи қазақ болып шығамыз десек, қазақ орыста қалады; қазақты бұл жерден көшіріп аламыз десек, бұл қазақ ата қонысынан көшпес, көшсе, ақылсыздық болады; қазақ жерінің ең жақсысы осы мұжықпен аралас отырған жер. Түбінде қазақ ұлты бір автономия бола қалса, іштегі орысты ала кетеміз бе деген үміт. Біздің қазақ ұлтының автономиясы енді тұрмыс халда туысқан автономиясы болар емес; жерге байлаулы автономия болмақ. Ишіміздегі орыс мұны мақұлдайтын көрінеді.

Екіншіден, патшалық билік қоныстанушыларды түрлі женелілдіктер және көмек беріп, қазақтың құнарлы жерлеріне әкеліп орналастырумен қанағаттанып қойған жоқ, оларды өзінің шығыстағы әлеуметтік-саяси тірегіне айналдыруды көзdedі. Ал бұл мақсатқа переселен шаруаларды қаруландырмай жету мүмкін емес еді. Сондықтанда оларға кару берді, сөйтіп жергілікті халыққа қарсы қойып, мерейін үстем етуге тырысты. Қажет жағдайда кара шекпенділер атты казак әскерінің де көмегін ала алатын еді.

Қазақ автономиясын жариялауды кейінге қалдыруды жақтаған Әлихан Бекейханов бастаған топты қинаған жағдай осы еді. Олар ешқандай да даярлықсыз автономия жариялай қалған күнде іштегі қарулы қарашекпенділер мен төңіректі қоршаған казак атты әскерінің наразылығына қалып, қарусыз қазақты қырып алудан қауіптенді. Сондықтанда бұл топ автономияны иғлан етерден бұрын Түркістан қазақтарының келісімін алушын бірге ұлттық әскер құрып және сонымен бір мезгілде іштегі өзге халықтармен келісім жүргізіп, оларды жаңа жағдайға даярлауды мақұл көрді. Бұл сөзсіз өмір талабынан туған астарлы, көрегендік саясат болатын...

Бұдан соң сиезд демократиялық негізде Алашорда — Халық Конесі — Төрағасын сайлады. Бұл қызметкө үш адамның кандидатурасы ұсынылды. Олар: Әлихан Бекейханов...

кейхан, Бақыткерей Құлманов және Айдархан Тұрлыбаев еді. Жабық дауыс беру нәтижесінде Бекейхан — 40, Б. Құлманов — 19 және А. Тұрлыбаев 20 дауыс алды. Сөйтіп, көпшілік дауыспен Алашорда — Халық Кеңесінің Төрағасы болып Элихан Бекейхан сайланды.

Сонымен сиезд орталық билік — Халық Кеңесі — Алашорда үкіметін, халық милициясын және ұлт қазынасын құру ісіне жете көніл аударды. Мемлекеттік жүйе алдымен осы мәселелерді шешуден басталатындығы түсінікті. Бірақ сонымен бірге сиезде ең негізгі мәселе ретінде оқу-ағарту ісінің де қаралғандығын айтпасақ, онда сиездің саяси маңызы мен көздеген мақсатын толық түсіне алмағандық танытар едік. Сиезд бұл мәселе бойынша Міржақып Дулатұлының баяндамасын тыңдал, талқылап және ол бойынша қаулы қабылдалап, бес адамнан тұрған комиссия құрды...

Жалпы, алаштық интеллигенция арасында большевиктер бағдарламасы әуел бастан-ақ қолдау тапқан жок. Олардың түсінігі бойынша, большевиктер ұстанған бағыт Қазақстан емес, тіптен Ресейдің өзіне де азапты болашақ әкелетін бағыт болатын. Алаш қайраткерлері ең алдымен большевиктер бағдарламасындағы қоғамдық меншікке көшу туралы пікірді үзілді-кесілді қабылдаған жоқ. Өйткені олардың ойы бойынша, қазақ қоғамы жағдайында мұндай шараға бару мүмкін емес-тін, тіпті ондай әрекет, біріншіден, оны қабылдауға мүлдем даярлығы жоқ қазақ бұқарасы арасында түсінбеушілік туғызса, екіншіден, әлеуметтік тенденциядан бўрын, әлеуметтік апатка апаруы толық мүмкін еді... (Мәмбет Қойгелдиев. “Алаш Орда”, “Егеменді Қазақстан”, 18-қантар, 1992).

* * *

1919-жылғы ВЦИК кешірімінен кейін, ол совет платформасында жұмыс істегісі келді. Бірақ оны Қазақстан большевиктері сенімсіз адам санатында тұрмеге жауып тасталды. Соған орай Москваға, Ұлт істері жөніндегі хальық комиссары И. В. Сталинге Ташкенттен мынадай мазмұндағы телеграмма жөнелтіледі: **“Кирреспублика өкіметінің жарлығымен 14-октябрьде Қарқаралыда Әлихан Бекейханов тұтқынға алынды. Алашордашыларға амнистия жариялаған декретті еске ала отырып, Совет-**

тің жергілікті қазақ халқы бұқарасымен байланысының элсіздігін және Киргизия Советтерінің соңғы съезі жұмысының нәтижесінде орнаған ахуалды, сондай-ақ бұл оқиғаның қазақ халқы бұқарасына қолайсыз әсер етуі ықтималдығын ескере келе, сізден осы іске араласуыңызды өтіну қажет деп есептейміз, негізі жоқ болған жағдайда Бекейханов абақтыдан шапшаң босатылсын. ТүркЦИК председателінің орынбасары Қожанов. Түрк СНК председателі Рысқұлов”. (“Советская степь”, 18.10.1930). Ұзамай Әлихан Нұрмұхамедұлы түр-меден шығып, Москваға аттанады...

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бекейханов СССР Жоғарғы сотының пленумында ақталды. Ол 1937-жылғы 14-июльде өзінің Москвадағы пәтерінен әкетіліп, 1938-жылдың майында, 68 жасында, НКВД қапастарының бірінде атып тасталған болатын (Бейбіт Қойшыбаев. “Қазақ әдебиеті”. 9-маусым, 1989).

* * *

Таза арап әліпбіндегі 29 әріп болатын. Солардың ішінде *m, c, ч, ә* және тілдің ұшымен, тілді шайнап сөйлегендегідей айтылатын з әріптегі “қатты”, “жұмсақ” болып екі түрлі жазылуышы еді (орыстың ескі әліпбіндегі “фита”, “ять”, “ижица”, “десятичное і” сияқты басы артық әріптегі). Ал енді фарсы, орыс тілдерінен кірген сөздерді жазу үшін тағы төрт әріп — *н, г, в, ж* қосылған. Ахаң қазаққа ислам дінімен бірге келіп сіңіп кеткен осы әріптегінде 24 әріппен казақ әліпбіндегі жасап, жазуымызды оңайлатумен қатар, жазба тіліміздің женілдеуіне жол ашты. Лингвистер әліпбіде әріптің неғұрлым аз болғаны жақсы дейтін. Мысалы, еврейлерде (иврит) 22 әріп қана бар көрінеді.

Осы Ахаңның жасап берген әліпбімен ел хат танып, ғылыми еңбектер, окулықтар, жазба, ауыз әдебиеті нұсқалары осы әріппен басылып жүртттың көзі әбден үйреніп қалған кезде “жанашылдар” арап әліпбій казаққа келмейді, үйренуге қыын деп, латын әріпін тықпалады. Жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінде жұрт қызыл кенірдек болып, бірі латынды жақтап, екінші жағы арапты жақтап айттысып жатты, сөйтіп ақыры латынға көшіп, өткен ғасырлардан арапша басылған әдебиетіміздің бәрі кейінгі ұрпаққа “қытай грамотасы” болып шыға келді... (Ғалым Ахмедов. “Алаш “Алаш” болғанда”, Алматы. “Жалын”, 1996).

АЛЕКСАНДР ВИКТОРОВИЧ ЗАТАЕВИЧ

41

*1869-жылы 20-наурызда Ресейдің Орлов облысында туып, 1936-жылы б-желтоқсанда
(Сәбитше 07.12. – “Өсу жолдарымыз”, 563-бет)
Мәскеуде қайтыс болды*
* * *

Қазақ әндерін, күйлерін тұнғыш нотаға түсіруші әрі тұнғыш жинаушы;

“Қазақ халқының мың әні”, “Қазактың бес жұз әні мен күйі” деген атпен қазақ әндері мен күйлерін тұнғыш кітап етіл бастырған адам;

Қазақтың халық композиторлары Құрманғазының, Тәттімбеттің, Дәuletкөрекіндің, Біржанның, Ақанның, Абайдың, Мұхиттың, Үбірайдыйң, Шолпанның (Сырдың Қараторғайы), тағы басқалардың шығармаларын, өміrbаянын тұнғыш жазбаға түсіруші

* * *

Орынборда біздің делегация бөлініп орналасты: азшылығы гостиницаға, көшшілігі “Еңбек сарайы” аталатын үйге, мен соңғы тұсушилердің бірі болым.

Сондай тығыз уақытқа съя алмай жүрген кундердің біреуінде, асханада тамақ ішіп отырған маган: зор толық денелі, кен иықты, төстек кеуделі, үстінде әскер формалы тігілген сарғылт кителі, аяғында ак пимасы, кек шалбары бар, мойнына жұқалау кара түбіт шәлі ораған, беті сүйекті, мұрны конқақ, томпақ үлкен көзіне шынысы жалпак пенсне киген европалық бір адам жақындаған берді де:

- Сізben танысуға бола ма? – деді.
- Эрине, болады! – дедім мен туре кеп.
- Оттырыңыз! – деді ол қолдасқаннан кейін, өзі отыра беріп, мен де отырғаннан кейін:

- Затаевич. Композитор. Естіген боларсыз? – деді ол.
 - Естіген жоқтын, – дедім мен басымды шайқап, иығымды көтеріп. Ойымда “Бұл не қылған адам?” деп отырмын.
 - Білмесеніз білесіз, – деді ол маган, қалың қабағын түйе құлімсірей қарап. – Сізді әнші деп естідім...
 - Құдай сақтасын! – дедім мен күліп, – Кесіп қылған жұмысым емес ол.
 - Былайша ...енди...айтасыз ғой?.. Жас жігітсіз ғой?
 - Аздап. Онашада. Немесе аз ғана құрбы-замандас арасында.
 - Домбырамен ғой?
 - Оны да аздап білем.
 - Домбыра бар ма жатқан жерлерінде?
 - Көрмедім. Жоқ қой деймін.
 - Қандай әндерді білесіз?
- Мен білетін әндерімнің кейбірін атап ем:
- Ақырын айтып көріңіш! – деп өтінді Затаевич.
 - Асханада отырып ыңырсуға мен ұялдым.
 - Қайда жатасыз? – деп сұрады ол.
 - Енбек сарайында.
 - Білем. Болдым. Кешке, конференциядан босаған шағынызда барам...
 - Ол сүйк үй және бұл арадан бірталай жер. Түнде босаймыз біз. Қазір аязды боран боп тұр ғой. Қыын ғой баруыңыз.
 - Қыын болса да барам.
 - Шам жоқ онда. Майшам жағып отырамыз.
 - Сонда да барам.
 - Не істейсіз сонда? – дедім мен, бұл адамның өз ырқынан қайтпауына таң қап.
 - Білген әндерінізді айтасыз, мен оларды жазып алам.
 - Қалай?
 - Нотаға.
- Затаевичтің әлгінде “композитор” деген сөзіне түсінген жоқ едім, ол менің бұрын білмейтін сөзім еді, “нотасына” түсіндім, ол сөздің не екенін білем. Әңгімелесуші адамымның кім екенін мен енді ғана жорамалдай бастадым. Сондықтан:
- Жағдай жоқ қой жазуыныңға. Үйдін сүйктығының, жарығы көмексілігінің үстіне, конференциядан қайтқан жұрт тез жатып қалады. Ән айтып оларды қалай мазлаймыз? – дедім.

— Оқасы жоқ, — деді Затаевич күліп, — менің пайдам ғана емес, сіздердің, яғни қазақтың да пайдасы. Оның ән-күйлері әлі нотаға түскен жоқ. Олар ұшан-теніз. Жинау керек оларды, нотаға түсіру керек. Бұл қызметті алғаш бастаушы адамның мен бірімін. Ерінбеніз, көгершінім! Халқындың пайдасы үшін ерінбеніз!.. Конференцияға келген бірталай адамнан ән жазып алдым. Сізден де жазып алам.

— Менің билетінімді қайдан естідіңіз?

— Оның сізге қажеті жоқ...

Еңбек сарайындағы менің бөлмеме Затаевич тұнгі сағат оннан кейін келді. Уәде бойынша мен оны күтіп отырдым. Өзге серіктерім жатып қалды.

Есік қағылғанда, үстел үстіндегі майшамды көтере карсы алсам, Александр Викторович сыртқы киімімімен келіп тұр екен, үсті-басы қар.

— Боран қатайып кетті, — деді ол, басындағы құлакшының қолына ала сілкіп, үстін қағынып. — Суық та күшті, бет қаратпайды. Жел де күшейді...

— Осындаі тұнде азап шегіп... — деп келе жатыр ем:

— Айтпаңыз ол сөзді, көгершінім, — деді Затаевич, — маған асығу қажет. Сіздер тез тараисыздар одан кейін қолыма түсемісіздер. Қолға түскен қымбатты пайдаланып қалу керек...

— Менің әнді жақсы айта алатынымды қайдан білесіз?

— Маған сіздің жақсы іә жаман айтуыңыз қажет емес, ән қажет. Әнді естіп жазып алсам болды, жақсы-жаманың өзім айрып алам...

Мен Александр Викторовичқа шешінуді өтініп ем, үй ішінің ауасын ішіне жылдамдата тартып шығарып көрді де:

— Кеше бұдан көрі жылырақ сияқты еді, бүгін суығырақ екен. Өзім аздал гриппеу болып жүр ем, киімшең отырам, — деді.

— Өзіңіз де жылырақ киініңіз! — деді ол маған отыра беріп. — Мен сізді біраз әурелеймін. Мүмкін, қонып та калуым! — деді ол қуланып.

Май шамды ортаға ала, үстелдің екі басына қарама-карсы отырғаннан кейін:

— Кәне, айта бастаңыз билетін әндерінізді, — деді.

Мен алғаш ыңырысып екі-үш ән айтқанда, Александр Викторович ықыласпен тындал қана, “тағы да, тағы да” деп отырды да, “Мақпалды” айтқанымда: